


№ 11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

 А.Шунишалиева

«Шынықсаң - шымыр боласың!»

(Эстафеталық сайыс)

Ұйымдастырушы педагог: Өтепберген Ә

2024 жыл

Тақырыбы: Шынықсаң шымыр боларсың

Мақсаты: Қыс мезгіліндегі ойындарды ойнауды үйрену. Қимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту. Жылдамдық, ептілік, төзімділікті шыңдау көңіл – күйге қуаныш әсерін сыйлауға тәрбиелеу.

Ұйымдастырушы педагог: Сәлеметсіздер ме, балабақша ұжымы спортшыларға сәттілік тілей отырып, бүгінгі эстафеталық сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Балабақша арасында өткелі тұрған «**Шынықсаң шымыр боларсың!**» атты эстафеталық сайысымызға қош келдіңіздер! Олай болса сайысқа қатысушы топтарды ортамызға шақырайық. Қошеметпен қарсы алыңыздар.

Ойынды бастамас бұрын, әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар.

1. Балабақша меңгерушісі: Мұқашова Сәуле Мырзабайқызы

2. Балабақша әдіскері: Шуиншалиева Ақтоты Жақыпбекқызы

3. Шаруашылық жөніндегі орынбасары : Дөңесов Ануар Қойшыбайұлы

Әнұран орындалады. Ту көтеріледі.

Уақытты мол бөлеміз,

Қыс қызығын көреміз.

Сары аязға шыңдалып,

Шымыр болар денеміз.

Спорттық сайысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады.

Сайыс 7 кезеңнен тұрады.

1. Таныстыру (ерекше болу қажет)

2. Шанамен сырғанап мәреге жету

3. Креативты аққала жасау (құрастыру)

4. Топтың киім үлгісіне баға беру және өз өнері

5. Қар жинау (Кедергіден өту)

6. Арқан тартыс

7. Флешмоб (Музыка жетекшісі жауапты)

Енді кезеңдердің шарттарымен таныстырып өтейін.

1.Таныстыру

Шарты: Әр топ өздерінің команда атауы мен ұрандарын айтып таныстырады.

2. Шанамен сырғанап мәреге жету

Шарты: Тәрбиешілер шанамен сырғанап кедергілерден өту арқылы мәреге жету керек.

3. Креативты аққала жасау (құрастыру)

Шарты: Аққала бөліктеріннен аққала бейнесін шығару.

4. Топтың киім үлгісіне баға беру және өз өнері

Шарты: Киім үлгісі мен өз өнерлерін ортаға салулары керек.

5. Қар жинау ойыны.

Шарты: Жерде жатқан қарды тәрбиешілер болып кедергілер арасынан жүріп шелекке толтыру.

6. Арқан тартыс

Шарты: Екі команда арқан тартысады. Қай команда бірінші болып сызықтан асса, сол команда жеңіске жетеді.

7. Флешмоб бні

Шарты: Музыка әуенімен флешмобды педагогтар орындауы керек.

Сайысымызды бастаймыз.

Командалар сәлемдеседі.

Қане бір –бірімізді қостаймыз

Жарысымызды бастаймыз,

Жеңіске жетеміз деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Командалар бір - бірімен сайысады.

Бүгінгі сайысқа қатысушы педагогтар сіздерге көп - көп рахмет.

Сіздер мықты екендеріңізді дәлелдедіңіздер.

Ендіше сайысымызды қортындылау үшін әділқазылар алқасына сөз кезегін береміз.

Марапаттау.

Бүгін міне оң болып әр ісіміз.

Жоғары боп күш – жігер, намысымыз

Осылайша қуанышпен думандатып

Аяқталды халайық жарысымыз.

"Шынықсан-шымыр боласың!"



Ұйымдастырушы педагог:
Өтепбергел Әйгерім
Тілеубайқызы

2024 ЖЫЛ

